

Стамғазиев Е.

оқытушы, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Erlan.Stamgaziev@mail.ru

ТАҒЫЛЫМНЫҢ ТӨЛ ОРДАСЫ – ТЕАТР

Мақалада театрдың қоғамдағы, жалпы адамзат өміріндегі маңызы мен бүгінгі, өткен тыныс-тіршілігі жайында сөз қозғалады. «Театр» сөзіне тереңінен түсінік беріледі. Сондай-ақ, оның мәдениет саласындағы алатын орны сипатталады. Театрдың тарихи қалыптасу жолы туралы сөз қозғалады. Бүгінгі театр өнерінің жеткен жетістіктері мен ел мәдениетіне қосқан үлесі айтылады.

Осы рухани байлықтың қайнарларын жастардың бойына, атадан балаға мұра болып келе жатқан мәдени келбетпен сусындатып, өзінің баға жетпес байлықтарын, құндылықтарын қастерлеп, көркемдеу арқылы халықтың мәдениеті мен өнерінің қайнар көзін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Сондай-ақ, тәуелсіздік туын тігіп, демократиялық өркениетті қоғамға қол созып, ел өміріндегі барлық салада реформаларды тереңдете жүргізіп жатқан кезеңдегі Қазақстан театрларының ахуалына, оның мәдениетіне талдау жасау және шынайы жағдайға сәйкес негізгі бағыттарды айқындауды жүзеге асыру үшін шешілетін бірқатар міндеттер талқыланады.

Театр өнерінің тарихын терең зерттеп алмайынша, аталған салада жаңашылдық орын алмайтыны белгілі. Сол себептен, тәуелсіздік алған жылдарда халықтың сана-сезімінің жаңаша қалыптасуы өнердің барлық саласында өткеніміз бен бүгінгімізді бағдарлап, жаңаша баға беруіне өз септігін тигізгендігі аталып өтті.

Түйін сөздер: театр, мәдениет, өнер, тарих, халық, ұлттық, тәуелсіз, сахна, көрермен, пьеса, рухани.

Stamgaziev Ye.

Teacher, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Erlan.Stamgaziev@mail.ru

Theater as a synthesis of arts

In the article the role of theatre is examined in society and in life of humanity on the whole, its today and past. The detailed elucidation of term «theatre» is given. In particular, his place is illuminated in the field of culture. The question of history of becoming a theatre is affected. There is told about the today's achievements of dramatic art and the contribution to the culture of people.

Analyzed the origins of this spirituality of young people, where their priceless wealth, happiness and values, art, design and culture through the sources, from generation to generation. And also, to raise the flag of independence, democratic civilized society, stretching out hands, theaters, carried out during the period of deepening reforms in all spheres of the country's life, state, analysis and determination of the main directions for the realization of its culture will discuss a number of tasks solved in accordance with the real situation.

If you deeply study the history of the theater, it is known that there will be no innovations in this area. That is why in the years since independence, it was noted that recapturing the sense of Khan's identity contributed to the development of our art's past and present.

Key words: Theatre, culture, art, history, people, national, sovereign, stage, spectator, play.

Стамгазиев Е.

преподаватель, Казахская академия искусств имени Т. Жургенова,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Erlan.Stamgaziev@mail.ru

Театр как синтез искусств

В статье рассматривается роль театра в обществе и в жизни человечества в целом, его сегодняшнее и прошлое. Дается подробное разъяснение термина «театр». В частности, освещается его место в сфере культуры. Затрагивается вопрос истории становления театра.

Рассказывается о сегодняшних достижениях театрального искусства и его вкладе в культуру народа. Охарактеризованы истоки духовности молодежи, получаемые через источники культуры и искусства путем передачи из поколения в поколение обретаемых народом культурных и моральных ценностей. Вместе с тем, анализируется состояние театров Казахстана, определяются основные направления их развития с целью решения основных проблем отрасли в соответствии с реализуемыми в разных сферах деятельности общества для достижения демократической цивилизации под флагом независимости. Естественно, что без изучения истории театра, невозможно внедрение новых форм и методов в данной отрасли. Вот почему в годы, прошедшие с момента обретения независимости, было отмечено, что пересмотр чувства идентичности. Казахстана способствовало развитию прошлого и настоящего нашего искусства. В связи с этим, в статье описано направление развития всех сфер искусства в соответствии с формированием национального самосознания после обретения независимости и заново дается оценка ситуации и вносится предложение по ее улучшению.

Ключевые слова: Театр, культура, искусство, история, народ, национальный, суверенный, сцена, зритель, пьеса.

Кіріспе

Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді.

Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары:

- мәдени әрекет;
- мәдени орта;
- мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар.

Бұлардың арасында ең түбегейлісі – мәдени әрекет. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени

қажеттіліктерді бөліп қарастырады.

Осылардың қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары. Мәдени орта ұғымы мәдениеттің коммуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық-материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал-жабдықтардың даму деңгейі, тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шеберлігі, рухани мәдениетті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар, театрлар және т.б.) жатады.

Мәдениеттің өзекті бөлігі – өнер. Шынында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі – оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет – адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Әл-Фараби айтқандай, адам – «хайуани мадани», яғни, Мәдениетті жан. Адам – табиғат туындысы және ол үшін табиғи орта мәңгілік қажеттілік болып қалады. Мәдениет адамнан табиғатты бөліп алады деген пікір қанша рет айтылса да,

адамның табиғи шығармашылықтың ең жоғары үлгісі екендігіне күмән жоқ. И. Гердердің тілімен айтқанда, адам – табиғаттың бірінші азаттық алған пендесі (Сағатова Х. 2008: 72).

Мәдениет – адамзаттың өндірістік, қоғамдық, ақыл-ой жетістігінің жиынтығы. Яғни «мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік-бостандығы мен тарихи зейін-есі, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан». Олай болса, рухани құндылық, рухани қазына саналатын театр өнері мәдениетпен тығыз байланыста.

Мәдениет пен өнердің тууы мен қалыптасуы, дамуы мен түрлену үдерісі екі түрлі үрдіс арқылы жасалады. Біріншісі, дәстүрлі-нормативті қорғау, яғни өнердегі дәстүр сабақтастығын сақтау, мәдени мұраларды қызғыштай қорып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру. Екіншісі, экспериментальды-ізденіс үрдістері. Бұл бағытқа негізінен жаңашылдық, заманауи тәжірибелік ізденістер тән.

Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту әлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарына кіреді. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтап қалу мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын, жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі болып табылады.

Театр – табиғатынан көпшілік қауымға ғана арналған, қоғамдық-мәдени мән-маңызы үлкен өнердің бірі. Ол көрерменсіз, жеке өз алдына өмір сүре алмайды. Осыған байланысты сахна мен көрермен бірігіп отырып шынайы өмір құбылысына ой жүгіртеді, оған өз тұрғысынан баға береді; театр көрермендердің ішкі жан сезіміне әсер етіп, терең толғандырған жағдайда ғана өзінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін атқарып, эстетикалық мақсат-мұратына жетеді (Құндақбайұлы Б. 2001: 83).

Театр өнері көрерменнің өзгелерге деген, басқа халықтар өмірі мен қоғам тіршілігіне деген ынта-ықыласын арттырумен қатар, достық сезімін де күшейте түсуге игі әсер етеді. Дүние

жүзіндегі түрлі халықтардың географиялық-тарихи даму өзгешелігі мен олардың өмір-тұрмысы, әдет-ғұрпы, психикалық хал-жайы әр алуан театр жүйелерінің туып, қалыптасуына ықпал жасады. Осыған орай еуропалық театрларды және Шығыс елдерінің (Жапония, Қытай, Үндістан, т.б.) театр мәдениетін, Америка, Африка, Мұхит аралдары халықтарының өзіндік сипаты бар театр өнерін де атауға болады. Театрдың әрекет пен сауыққа негізделген мән-мағынасы тарихи тұрғыда, оның өмірге алғаш келуімен байланысты айқындалады.

Бүгінде бүкілхалықтық талқылаудан өтіп, жер-жерде жүзеге асырылып жатқан Елбасы «Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деген болатын (Н.Ә. Назарбаев. 2017).

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың былтырғы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Ұлы даланың тарихымен таныстырып, руханиятты сақтауға арналған алты жоба ұсынылып отыр. Тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр көлемінде үшінші мәрте тарихымызды түгендейтін бағыт-бағдар алып отырмыз. «Мәдени мұра» – ақтандақтарды қалпына келтіріп, өшкенімізді жандырса, «Рухани жаңғыру» – ұлт тарихын таныстыратын даңғыл болды. Ал мына «Ұлы даланың жеті қыры» – ұрпақтар мақтанатын, арғы тектерін әлемге батыл әрі айқын насихаттайтын төлқұжат. Әр ру өз бабасын батыр етіп көрсетіп, өз атасын ақылман деп, ақсүйек пен қарасүйекке, қожа мен қараға бөліне бастағанымыз да шындық. Енді Мемлекет басшысы айтқандай: «тарихи сананы жаңғыртып, көтерілген мәселелерді ой елегінен өткізіп, терең зерделеу қажет» (Н.Ә. Назарбаев. 2018).

Сондай-ақ, Елбасы: «Ұлы дала әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және т.б. көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымызбен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет», – деп атап кетті.

«Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы болмайды», – деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, кез келген елді ерекшелігін мәдениеті мен әдебиеті, салт-санасы мен тарихы, рухани дүние танымы екені даусыз. «Ел ішінде өнер бар, өнерді тапқан шебер бар», – дейді дана халқымыз. Сол сан түрлі өнердің ішінде театр өнері, театр мәдениетінің орны бір төбе. Әрбір театрдың тарихи жағынан қалыптасып дамуы, болашаққа қадам басуы, өсіп-өркендеуі, әр халықтың өмір-тұрмысымен, салт-санасымен, тағлымды тарихымен және ішкі мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың шарықтау шегі мен адами дүние танымның жемісі (Құндақбаев Б. 1997: 91).

Қазақ театры ХХ ғасырдың басында пайда болды. Өзінің алғаш шымылдығын 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылордада М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашты. М. Әуезов Қазақстанда сахна өнерінің негізі қаланып, қалыптасуына ұйытқы болды. Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы өз көрермендеріне тұңғыш рет Азамат соғысының батыры А. Иманов туралы «Аманкелді» фильмін ұсынды. Содан бері киностудия қазақ елінің өнері мен өмірін, мәдениетін, әлеуметтік жағдайын бейнелейтін көптеген фильмдер түсірді. Шәкен Айманов – қазақтың ең атақты актері, режиссер, КСРО Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Оның қойған көркемсуретті фильмдері: «Махаббат туралы аңыз», «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры», «Туған жер» (Қуандықов Қ. 1969: 150).

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Оның өзгеше бір қасиеті, яғни әрекетке құрылған

табиғаты сахналық ойын-сауықтың мазмұн-желісі мен идеялық-эстетика негізін құрайтын драма арқылы ашылады. Театр әдеби шығарманы сахналық әрекетпен, өзіне тән бейнелі театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіреді де драмадағы мінез-кейіптерді, олардың өзара қарым-қатынастарынан, қақтығыстарынан туатын таластартыс пен іс-қарекеттеріне жан бітіріп, тірілтіп жібереді. Осыған орай, көрермендер де театр сахнасында өтіп жатқан оқиға әрекет пен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, шат күлкісі мен сезім діріліне, күйінішіне, жалпы тіршілік-тынысына бейжай, немқұрайлы емес, қайта бар ынта-зейінімен, ынтызар көңілімен қарайды, яғни олар осы сәтте сахналық өмір көріністерінің жай бейтарап, салқынқанды бақылаушысынан гөрі тікелей қатысушысы ретінде бой көрсетеді. Түптеп келгенде театрдың қоғамдық-тәрбиелік қызметі мен идеялық-эмоциялық және көркемдік-эстетикалық әсер күші де осыған саяды (Сығай Ә. 2008: 202).

Театрдағы басты тұлға, пьесадағы берілген жағдайға байланысты әрекет етіп, сахналық қаһарманның характерін жасайтын – актер. Ол сахнада шығармалық үдеріс кезінде пьеса материалын өзінің болмыс шындық туралы ой-түсінігімен, өмірде көріп-байқағандарымен, эстетикалық сезім-түйсігімен үнемі байытып, толықтырып отырады. Бұл тұста актердің бойынан орындаушылық өнерге қоса ойшыл суреткерлік қасиет те айқын аңғарылады. Актер образы пьеса және спектакльді қоюшы-режиссердің түсінік-шешімі мен түсіндірмесі негізінде өмірге келеді. Өнердің өзге түрлеріндей театр да өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейді.

Осы рухани байлықтағы қайнарларды жастардың бойына атадан балаға мұра болып келе жатқан мәдени келбетпен сусындатып, өзінің баға жетпес байлықтарын, құндылықтарын қастерлеп, көркемдеу арқылы халықтың мәдениеті мен өнерінің қайнар көзін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Театр (грек. theatron – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай.

Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және тұрлаулы мәдениетімен тығыз

байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың негізгі бір формасы болып табылады.

Адамзат тарихымен қоса жасасып келе жатқан театрдың қайнар көзі ежелгі замандағы аңшылық пен ауыл шаруашылық ойын-сауықтарына, халық мерекелері мен салт-жораларына саяды. Осы негізде пайда болған алғашқы трагедиялық және комедиялық сипаттағы дәстүрлі ойын-сауықтар мазмұнынан драмалық тартыстар мен сюжеттердің нышандары, сондай-ақ хор әндері, билер, диалогтар, киім киіп, сән-салтанат құру, маскамен бет-әлпетін өзгерту бой көрсетті. Ойын-сауық әрекетінің діни-салттық негізден бірте-бірте арылып бөлінуі, қаһарманның хор тобынан алдыңғы қатарға шығуы және көпшілік мейрамдарын арнайы ұйымдастырылған ойын-сауыққа айналдыру әдеби драмалардың тууына қолайлы жағдай жасады.

Кеңестік қазақ театрының репертуарлық қоры негізінен орыс және дүние жүзінің классикалық туындыларынан, сонымен бірге М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Қ. Мұхамеджанов, т.б. драматургтердің пьесаларынан құралды. Осы кездегі Еуропа мен АҚШ елдеріндегі театрдың жаңа үлгі-түрлерінің даму процесі күрделі де әр алуан жағдайды бастан кешірді. Дүниежүзілік екі соғыстың аралығында режиссер Г. Бати, Ш. Дюллен, Л. Жуве, Ж. Питов, Ф. Жемье, А. Арто (Франция), Ю. Остэрва, Л. Шиллер, С. Ярач (Польша), Э.Ф. Буриан, Я. Верих, Й. Гонзль (Чехословакия), Б. Брехт, Э. Пискатор (Германия) театрдағы жүргізілген жаңашыл ізденістерге басшылық жасады. Саяси және антифашизм театр майданы кең қанат жайды. Екінші дүниежүзілік соғыста фашизмнің жеңіліске ұшырап күйреуі театрда демократиялық ағымның зор өрлеуін туғызды. Болгария, Германия, Польша, Румыния, Чехословакия секілді батыс-еуропа елдерінде театр өнері жедел қарқынмен өркендеді.

Белгілі бір мәдени құбылыстар қоғамда сабақтастық арқылы тарихи даму үдерісінде жаңғырып және үздіксіз жалғасып отыруы мүмкін. Өткен мәдени құндылықтар, үздіксіз сипаты бар және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әрбір тарихи дәуір мәдениетінің тірі элементі ретінде әрекет етеді. Адамзат дамуының тарихи кезеңдерінде небір өркениеттер құмға сіңгендей жойылғанымен, олардың мәдени жетістіктерінің іздері қалды. Сол іздердің кейбірі мәдениеттің әлемдік қазынасына кіріп, мәдени-тарихи прогрестің дамуына өз үлесін қосты. Ал, бұл

фактілер мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарымен анықталады. Мәдениет өркениетін адам санасына сіңіруге тырысқан көреген-режиссерлер, сахна санаткерлері – кейбір ғылыми-техникалық жаңалықтардың адамзатқа қасірет әкелетінін, қоғамның даму үдерісіне кері ықпалын тигізетінін суреткерлік көзбен көре білді.

Қазақстанның кәсіби режиссурасы еуропалық және ұлттық құндылықтар негізіндегі көркемдік ұстанымдарды біріктіре біліп, театр өнерінің барлық саласында сабақтастық тұрғыдағы мәдени-рухани мұралар жалғастығын тауып, жаңашылдықты ту еткен экспериментальды-ізденіс үрдісі дамып отыруы тиіс.

Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ (Сығай Ә. 2009: 207).

Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және тұрлаулы мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың негізгі бір формасы болып табылады.

Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды.

Қазақ театрының жарты ғасырдан астам тарихында ұлттық пьесалармен бірге, орыс, батыс классиктері және советтік бауырлас халықтар драматургиясының шығармалары да репертуарда кеңінен орын алды. Мұның барлығы қазақ сахна өнерінің тынысын кеңейтіп, актерлік және режиссерлік өнерінің кең арнамен дамуына мүмкіндік туғызды.

Еліміз тәуелсіз мемлекет атанып, дүниежүзілік қауымдастыққа танылып, жаңа демократиялық қоғамымыздың дүниеге келуі – рухани кеңістігіміздің жаңғыруына, ұлттық сананың қалыптасуына жол ашты. Бұл тұрғыда театр өнері үдерісі – өзі бірге өмір сүріп отырған қоғаммен жаңғырып, жаңашылдық бағытта даму соқпағына түсті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында объективті және субъективті себептермен мәдениет ошақтары құлдырап, жабыла бастады. Мемлекеттің қолдауынсыз мәдениет саласы өз бетінше өркендей алмайтын, халықтың рухани жан дүниесі мәдениет құлдыраса бірге құл-

дырайтынын, сөйтіп ғасырлар бойы жинаған рухани байлықтан аз ғана уақыттың ішінде әлсірейді.

Ел тәуелсіздігімен қатар театр қайраткерлеріне шығармашылық еркіндік келді. Бүгінде драматург өзін толғандырған барлық мәселелерді көрерменге бүкпесіз жеткізе алса, режиссер өзі қалаған пьесаларды еш жалтақтамай қояды. Осы шығармашылық еркіндікті қазіргі таңда әркім өзінше түйсініп, ұлттық өнеріміздің дамуына үлестерін қосуда (Жақсылықова М. 2014: 78).

Ұлттық сахналық өнеріміздің өркендеуіне үлес қосқан алып режиссер Ә. Мәмбетовтің шығармашылығымен қазақ театр сахнасына енген шарттылық бағыты Тәуелсіздік жылдардағы режиссерлер тарапынан қызу қолдау тапты. Әсіресе, драматургиялық шығармаға қазіргі күн талабына сай интерпретация табу, режиссерлік жаңа көзқарас пен жаңалық табу, суреткерлік таным мен талғамын көрсету егемендік кезеңіндегі режиссураға тән құбылыс болды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері өткен тарихымызбен бүгінгі танымымызды таразылап, ұзақ жылдар бойы қол үзіп қалған ата-бабаларымыздың дәстүріне терең үніліп, рухани сабақтастықты жалғастыруға ден қойылды. Қоғамымызда болып жатқан қайта түлеулерге өнердің барлық саласы тәрізді театр өнері де қызу кірісіп, өз үлесін қосты. Бірқатар өңірлерде қазақ театрлары бой көтерді. Көршілес жатқан алыс-жақын шет елдерде театр және басқа да өнер ошақтары жабылып жатқанда, театрлардың көптеп ашылуы қазақ жұрты үшін үлкен мақтаныш еді.

Тәуелсіздік жылдары театр төріне шыққан сахналық бейнелердің құндылығы мен маңыздылығы халық жүрегінен орын тепті. Абылай хан, Томирис, Бұқар сынды тарихи тұлғалармен қатар, классикалық Еңлік-Кебек, Есен, Қозы мен Баян бүгінгі тыныс-тіршілігімізді жеткізетін Қабыл мен Абыл, Ләйлә, Құмар, Тимур, Нәзила, Суретші, Бәкей, т.б. сынды бейнелер замандас санасына рухани-мәдени қозғалыс салып жүрген күрделі еңбектер деген ой түйеміз (Қазақ сахна өнері. 2009: 308).

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарында еліміздің театр режиссурасында сабақтастық пен жаңашылдық үдерісі қатар өрбіді. Сонымен қатар, қазақ театрлары – көнеден келе жатқан халқымыздың лиро-эпостық дастандары негізінде жазылған ұлттық класикалық драматургияны жаңа көзқараспен танып, тың ізденістермен жаңартып, әлемдік театр үдерісінде

жүріп жатқан заманауи үрдістермен үндес жаңашылдық пен соны өзгерістерге толы режиссерлік интерпретацияларды ұсынды деп айта аламыз.

Ел ішінде өнер бар, өнерді тапқан шебер бар дейді дана халқымыз. Сол сан түрлі өнердің ішінде театр өнері, театр мәдениетінің орны бір төбе. Әрбір театрдың тарихи жағынан қалыптасып даму, болашаққа қадам басуы, өсіп-өркендеуі, әр халықтың өмір-тұрмысымен, салт-санасымен, тағлымды тарихымен және ішкі мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың шарықтау шегі мен адами дүние танымның жемісі. Ел өмірінің айнасына айналған театрларымыз күннен-күнге шама-шарқынша дамып келеді. Алыс-жақын шетелге танылып, әлінше өз өнерін көрсетіп, еліміздің танылуына үлес қосып жүрген жайы бар.

Бүгінде мемлекетімізді төрткүл дүние таныды. Еңбастысы, өнерімізбен мәдениетіміздің тарихындағы ақтаңдақ тұстарының ақиқатын ешкімнен қысылмай, қымтырылмай айтатын кезеңге жеттік. Егер халық пен өнерді егіз ұғым десек, егеменді ел атанған кезеңнен бастап мәдениетіміздегі рухани мұралар мен құнды жәдігерлер, сахна саласындағы қол жеткізген шығармашылық жетістіктер мен тәжірибелер туралы ғылыми-әдістемелік тұрғыда саралауға да қол жеткіздік.

Театр – нағыз таза өнер. Бұлай деп отырғанымыз, театр – тірі өнер деп аламыз. Өйткені, жалпы, драмалық театрларда дыбыс күшейткішті қолданбайды, микрофон қолданылмайды, фонограмма айтылмайды. Егер көріп отырған халық актердің сөзін нақ қалпындағыдай қабылдамай фонограммалық болса, не болмаса, микрофонмен естілетіндей жағдай болса – онда спектакльдің қасиеті жоғалады, сәні кетеді. Сахнада тұрған әртіс өзінің жан-дүниесінен шыққан сөздерін, дауысын халықтың жүрегіне жеткізе отырып шығарады. Ұлы сезіммен арпалысып, күйзеліске ұшырап, көрерменнің көңілінен шығуға тырысып бағады.

Театр туралы айтқан кезде, бірден мынандай ой келеді. «Көрермен театрға не үшін келеді?», «Қазіргі таңда театрға қаншалықты адам келеді?», «Кімдер көреді?». Қазіргі кезде көрермендердің өзін екі-үш топқа бөлуге болады. Бір тобы режиссер үшін, бір тобы авторлар үшін, енді бір тобы актерларға келуі мүмкін. Былайша айтқанда, өз қалауымен, өз еркімен баратын халық санаулы. Менің ойымша, жалпы көрермендердің мәдениеті жайында әңгіме айтқан кезде өте

абай болу керек деп ойлаймын. Көрерменді кінәлаған театр – ең алдымен өзі кінәлі! Егер, шын мәнінде, жақсы қойылым болатын болса – ол ешқандай көрерменді талғамайды. Мәселен, бір жастарымыз драма театрға барып түсінбей жатады, бір үлкен кісілеріміз жастар театрына барып қабылдамай жатады.

Менің ойымша, осының барлығы – жай ғана сылтау деп қараймыз ба, әлде жалқаулық деп қараймыз ба, әйтеуір бір түсініспеушілік. Режиссер мен актерлардың жүрегіне жол таба білген спектакль – ол көрерменге міндетті түрде жетеді. Қазіргі қоғамда көрермендер туралы да әр түрлі пікір бар. Мысалы, «Көрерменді театрға дайындап әкелу керек» дейді, біреулер. Кешіріңіз, ондай талап еш жерде жоқ! Бірақ дегенмен де, спектакльге келерден бұрын сол спектакльдің мазмұнымен таныс болу керек деп ойлаймын. Бір жағынан көрермен – басқасын айтпағанда ең алдымен тұтынушы. Ол театрға әртүрлі жағдайда келіп қалуы мүмкін.

Тіпті, себеп-салдарсыз байқамай келіп қалған көрермен де болады. Осындай жағдай бола қалған жағдайда, спектакль басталмай тұрып, қойылатын қойылымның не туралы болатынын айтып кеткені, не болмаса, экран болса, көрсетіп кеткені дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, кез келген көрермен үшін, тек қана талантты және шынайы, көз алдында туған өнер ғана баурап ала алады. Осыдан жарты ғасыр бұрын өмір сүрген, Кеңестік театрды алып көрейік. Ол кезде театрларға бірнеше міндеттер қойылатын болған, яғни: тәрбиелеу, насихаттау, үгіттеу, көзін ашу, ақпараттандыру деген сияқты. Бүгінгі күні бұл міндеттер өз күшін жойған.

Қазіргі көрермен білімді, көкірегі ояу, көзі ашық. Мысалы алып қарайық, «Абай» қойылымы болады дейік. Бір кісілеріміз «Абай жолын» бәрін түгелдей оқып, жаттап алған. Оның бұл қойылымға барғысы жоқ. Өйткені ол қойылымда не болатынын, қалай болатынын біледі, оған қызық емес. Бұл театрға бармаудың бірінші фактісі. Екінші, кітап оқымаудың салдары деп ойлаймын. Яғни, әдебиет оқымаған адам, ұлы жазушылардың шығармаларын оқымаған, не болмаса, қазақ тіліне, салтына, дәстүріне жанашырлықпен қарап, соған сіңбеген адам театрға барады деп ойламаймын. Тағы да, қазіргі таңда, жаһандану дәуірі, жастардың лебі ғаламтор желілермен байланысуы, көзге жалт-жұлт етіп көрінгенге құмартып, дүрсілдеген дауысқа еліртіп, тән рахатын беретінге әуес болған заманда театрдың жас көрермендерін алып кетуде. Былайша айтқанда, рухани азықты

жүрегіне сіндірмей, театр қойылымын сезіне алмайды.

Тағы бір мәселе, біздің театрдың сахнасын кішкентай сахна деп жатамыз, көрерменге орын таппай жатамыз. Осыған ренжіп, келесіде қайта келместей кетіп жатамыз. Негізінен алып қарасақ, бұл бір жағынан «керемет». Керісінше, тура сахнаның қасында отырып, актерді 15 метрден емес, дәл жанынан көріп, актердің кейіпкерінің жан дүниесіне енгеніне куә болу – бұл көрерменнің ең бірінші олжасы емес пе?! Үлкен сахналарда жарықпен, суретпен, бояу-гримдермен отырған көрерменнің көз алдына тек қана әсер әкелуіміз мүмкін. Ал, жап-жақын жерде, қасында отырған кезде образ жасау, қойылымда ойнау бұл әсер емес, бұл нақты соның ішіне енгізу болып табылады. Актер саған қарап диалог оқып тұрғанда, құдды бір, саған айтып тұрғандай күй кешесің. Сондықтан, осы жағынан алғанда, біздің қазақ театрларымыз – басқа театрларға қарағанда актерлік шеберліктің өте биік шеберлігін көрсетеді. Сол себепті, көрерменмен актерлардың, қойылыммен байланысы өте жоғары болып келеді.

Қазіргі таңда театрдың көрермендері өте аз. Талдап қарайтын болсақ, театр көрермені – үлкен кісілер, өнер адамдары, мұғалімдер, өнер саласындағы студенттер. Тіпті, қазіргі театр билеттері ондай қымбат та емес. Қарапайым адамның қалтасы көтеретін баға. Соны біле тұра шетелдік киноларға, басқасына бес мыңдап, он мыңдап шығарып, пайдасыз дүние алып кететіне ішің күйеді, кейде. Жастардың рухани сезімді күшейту, рухани тәлім-тәрбие беру, келешек заманда, болашақта, туған жерге, тілге, салт-дәстүрге, салт-санаға деген құрмет жатады. Рухани білім алған ұрпақ өте мәдениетті, кішіпейіл, адамгершілігі мол, жаны жайсаң, көзі ашық ұрпақ болатынына нық сенімдімін.

Халықтың көз алдында дүниеге келіп, өмір кешетін жасампаз да дара өнер – театр. Театрда драматургтың қиялынан туғандары қайта жанданып, сөзбен жазылған көркем бейнелер өз бетінше әрекет етіп, тіршілік иесі – сахналық бейнеге айналады. Сахналық бейне актерлік өнер арқылы жаңа өмірге аяқ басып, өзіне тән нақтылық пен жеке басына сай ерекшеліктерге ие болады. Суреткер сахнада ойнап жүріп, «бейненің бейнесін» жасайды, яғни сөзбен сомдалған автор қиялындағы бейнеге сүйене отырып, көзбен көріп, сезінуге болатындай етіп, бейнеге жан бітіреді. Сондықтан белгілі театр маманы Б. Захава айтқандай: «актер – театр ерекшелігін анықтайтын басты құрал» болып табылады.

Театр (грек. theatron – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай.

Белгілі бір мәдени құбылыстар қоғамда сабақтастық арқылы тарихи даму үдерісінде жаңғырып және үздіксіз жалғасып отыруы мүмкін. Өткен мәдени құндылықтар, үздіксіз сипаты бар және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әрбір тарихи дәуір мәдениетінің тірі элементі ретінде әрекет етеді. Адамзат дамуының тарихи кезеңдерінде небір өркениеттер құмға сіңгендей жойылғанымен, олардың мәдени жетістіктерінің іздері қалды. Сол іздердің кейбірі мәдениеттің әлемдік қазынасына кіріп, мәдени-тарихи прогрестің дамуына өз үлесін қосты. Ал бұл фактілер мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарымен анықталады. Мәдениет өркениетін адам санасына сіңіруге тырысқан көреген-режиссерлер, сахна санаткерлері – кейбір ғылыми-техникалық жаңалықтардың адамзатқа қасірет әкелетінін, қоғамның даму үдерісіне кері ықпалын тигізетін суреткерлік көзбен көре білді (Маамиров А.М. 2016: 35).

Қазақстанның кәсіби режиссурасы еуропалық және ұлттық құндылықтар негізіндегі көркемдік ұстанымдарды біріктіре біліп, театр өнерінің барлық саласында сабақтастық тұрғыдағы мәдени-рухани мұралар жалғастығын тауып, жаңашылдықты ту еткен экспериментальды-ізденіс үрдісі дамып отыруы тиіс.

Қазақстандағы диаспоралардың өз ұлттық тілінде сөйлейтін театрларының тарихы мен шығармашылық тынысы, көркемдік келбеті мен кемшін түсіп жатқан өзекті мәселелері бүгінгі күн тұрғысынан қарастыру, бағамдауымыз қажет. Қазақстанда толыққанды жұмыс істейтін орыс, ұйғыр, кәріс, неміс, өзбек этностарының кәсіби театрлары бар. Олардың шығармашылық жолы, белестері, бүгінгі хал-күйі арнайы сараптама жасауды қажет етеді. Еліміздегі тек орыс тілінде сөйлейтін драма театрлардың саны он алтыны құрайды екен.

Қазақстан театр өнері тек елордамыз Астана мен Алматы секілді бас қалаларда ғана емес, республиканың барлық облыстарында жақсы дамыған. Өздерінің ана тілінде өнері мен мәдениетін дамытуға мол мүмкіндіктер алған мемлекет қарамағындағы ұлт өкілдерінің бұл театрлары республиканың, облыстың бюджетінен қаржыландырылады. Дүниенің

түкпір-түкпірінде ұлтаралық араздықтар өршіп тұрған кезде еліміздің басты байлығына, баға жетпес құндылығына бағаланған этно-конфессиялық бейбітшілікті берік ұстаған бағытымыз алыс-жақын шетелдердің, жалпы-әлемдік қауымдастықтың назарын аударып келеді.

Қазақстан театрлары өздерінің шығармашылық жолының алғашқы жылдарынан бастап-ақ репертуарына ұлттық драматургиялық шығармаларымен қоса әлемдік классиканың шоқтығы биік туындыларын жоғары деңгейде қойып келеді.

Мәдениетіміз үшін маңызы зор оқиға – бұл А. Жұбановтың және Л. Хамидидің «Абай» операсын Оңтүстік Тюрингия (Германия) опералық театрының тарихи сахнасында қойылуы. Опералық жанрдағы қазақ шығармасы алғаш рет Батыс Еуропа сахнасында қойылды. Бұл халқымыздың музыкалық өнері әлемдік мәдениетте абыройлы орын алатынын мойындау. Бұл Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Еуропаға жол» бағдарламасын өмірге енгізу. Маңызы зор іс – тарихи-мәдени мұрамызды сақтау. Көпке мәлім, 1987 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының 24 сессиясында «Жібек жолы – сөйлесу жолы» Ұлы жібек жолын кешенді зерделеу бойынша халықаралық жобасы мақұлданды («Еуропаға жол» бағдарламасы. 2008).

Театр – уақыт айнасы. Ел ішінде өнер бар, өнерді тапқан шебер бар дейді дана халқымыз. Сол сан түрлі өнердің ішінде театр өнері, театр мәдениетінің орыны бір төбе. Әрбір театрдың тарихи жағынан қалыптасып даму, болашаққа қадам басуы, өсіп-өркендеуі, әр халықтың өмір-тұрмысымен, салт-санасымен, тағлымды тарихымен және ішкі мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың шарықтау шегі мен адами дүние танымның жемісі.

Өнердің қай саласы болмасын, өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Тәуелсіздік алған жылдарда халықтың сана-сезімінің жаңаша қалыптасуы өнердің барлық саласында өткеніміз бен бүгінгімізді бағдарлап, жаңаша баға беру керектігін алға тартты. Тәуелсіз мемлекетіміз құрылып, туымыз желбірегеннен бері ұлттық өнеріміздің тарихи даму жолдарын зерттеп, оны келесі ұрпаққа жеткізу міндеті алғашқы кезекке шықты. Көпсалалы өнеріміздің ішінде ХХ ғасырдың басында дүниеге келген театр өнерінің алар орны ерекше. Оның танымдық мұрат-мақсатымен бірге, рухани мәні де жоғары. «Театр өнерінің тамыры бұқараның ең қайнаған

ортасынан нәр алады, ал ол ортада сол халықтың өмірлік мақсат-мұраттары, әдет-ғұрыпты, салт-санасы бүге-шүгесіне дейін айқын көрініп қайнап жатады». Қай елдің театры болмасын белгілі бір ой-идеяның эстетикалық-көркемдік сұранысына жауап беріп, өз заманының талап-талғамына сай үн қатуға ұмтылады.

Мәдениет майданындағы сүбелі саланың бірі осы – театр. Театр көрінгеннің ермегі емес, ол тап-таза еңбек. Еңбектің көркемі. Театр – көңіл көтеру орны ғана емес, ол ірі мәдениет ошақ. Өнер орны, еңбекшілер үстемдігінің мәдениет майданындағы қармаулы орынның бірі. Бүтін ел шаруасын, қоғам құрылысын социалдық негізде қайта жасауға қол қойған үстіміздегі дәуірде өнердің, өнер ішінде әдебиеттің, театрдың орны өзгеше. Бұлар – өнердің төңкерісшілдері. Салт-сананың социалшылдық бағытқа бастаушысы, ұйыстырушысы. Киімі ұлттық, сүйегі пролетариаттық мәдениеттің майданы, өнердің өндірісі. Үстіміздегі дәуірде мәдениеттің, өнердің басын осылай ашалап алған соң өнер, мәдениеттің қай саласына болса да қоятын шартымыздың беті бірыңғайланады.

Еліміз тәуелсіз мемлекет атанып, дүние жүзілік қауымдастыққа танылып, жаңа демократиялық қоғамымыздың дүниеге келуі –

рухани кеңістігіміздің жаңғыруына, ұлттық сананың қалыптасуына жол ашты. Бұл тұрғыда театр өнері үдерісі – өзі бірге өмір сүріп отырған қоғаммен жаңғырып, жаңашылдық бағытта даму соқпағына түсті.

Республикамыздағы театрлардың барлығы да халқымыздың өткеніне ой жіберіп, тарих беттеріндегі ақтаңдақ тұстарды толтырып, әлеуметтік әділет аңсаған жылдар мен кезеңдерге қызу қатыстарын білдіруге күш салды.

Еліміздің бірқатар өңірлерінде қазақ театрлары бой көтерді. Көршілес жатқан алыс-жақын шет елдерде театр және басқа да өнер ошақтары жабылып жатқанда, театрлардың көптеп ашылуы қазақ жұрты үшін үлкен мақтаныш еді.

Тәуелсіздік алғалы өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Мемлекетімізді төрткүл дүние таныды. Ең бастысы, өнеріміз бен мәдениетіміздің тарихындағы ақтаңдақ тұстарының ақиқатын ешкімнен қысылмай, қымтырылмай айтатын кезеңге жеттік. Егер халық пен өнерді егіз ұғым десек, егеменді ел атанған кезеңнен бастап мәдениетіміздегі рухани мұралар мен құнды жәдігерлер, сахна саласындағы қол жеткізген шығармашылық жетістіктер мен тәжірибелер туралы ғылыми-әдістемелік тұрғыда саралауға да қол жеткіздік.

Әдебиеттер

- «Еуропаға жол» бағдарламасы туралы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 5 қыркүйек. – 2 б.
- Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері: зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2014. – 152 б.
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – 12 сәуір 2017 ж.
- Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: Өнер, 2001. – 520 б.
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – Т. 8. – 175 б.
- Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. – Алматы: Жазушы, 1969. – 244 б.
- Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т.1. – 400 б.
- Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 488 б.
- Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997. – 248 б.
- Маамиров А.М. Қазақстанның театр режиссурасы: сабақтастық және жаңашылдық (1991-2015): докт. дис. – Алматы, 2016. – 139 б.
- Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. – 2018. – 21 қараша.
- Нұрпейіс Б.К. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері: өнертану ғыл. докт. дис. – Алматы, 2010. – 266 б.
- Сағатова Х. «Мәдениет пен өнер дәстүрінің әлем кеңістігіндегі сабақтастығы» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағы. – Алматы, 2008. – 150 б.
- Сығай Ә. Ой төрінде – театр. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2008. – 330 б.
- Сығай Ә. Сахна әлемі. 2 том / бас ред. Талапхан Ахметжан. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 336 б.

References

- Action «Way to Europe», 2008, September p.5.
- Zhaindikalinova M. General Musical Acoustic Art Kaizak: Research, Magazine. – Almaty «Tradition», 2014. – 152 p.

President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev Statute Nasarbaeva «Orientation on future: spiritual revival» – April 12, 2017.

Kundakbaevich B. Arts and theater arts. – The Almaty: Art, 2001. – 520 p.

«Kaunas»: The National Encyclopedia / Other Research. Nysanbaev. Almaty: Encyclopedia of Encyclopaedia, 1998. – T. 8. 175 pp.

Kudalnikov K. First National Theater. – Apple: Enlightener, 1969. – 244 p.

Theory of theater. – Almaty: Nauka, 1975. – T.1. – 400 p.

Art of the Sun. The period of indefinite. – Almaty: Innovation in the LINGU «KUE», 2009. – 488 p.

Kundakbaeva B. Muhtar Auezov and Theatra. – Almaty, Nauka, 1997.

Mameirov AM Theatrical director film: Theoretical and Practical (1991-2015): Doctor. – Almaty, 2016. – 139 pp.

Article of Nassarbaev «Seven Hellenic Velikoy Steppe». – 2018. – November 21.

Nurpeis BK Theoretical and practical teens of theatrical directors: Doctor of technical sciences. disk. – Almaty, 2010. – Article 266

H. Sagatova «Exhumation of cultural and historical traditions in the world space» // Conference of the Kharkov Scientific-Practical Conference. – Almaty, 2008. – p.

Chicha A. The theory is the theater. – Apple: ACA, 2008. – 330 p.

Eiji A. Mir Sachny. Almaty: Ainur, 2009. – 336 p.